

2023 жылға арналған «Саналы ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клубының өткізген іс-шараларының есебі

2023 жылдың 14 желтоқсанында “Саналы ұрпақ” клубының қызметі аясында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлі” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Отбасы-бұл елдің болашақ азаматтары тәрбиеленетін қоғамның бірлігі. Сондықтан мұндай іс-шараны өткізу сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне төзімділік таныта алатын жас ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының рөлін тағы бір рет анықтауға мүмкіндік берді. Дөңгелек үстел барысында оның қатысушылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы отбасының маңызды және ерекше рөлін атап өтті. Өздерінің мысалдарында отбасыларда егілген дәнектің маңыздылығына тоқталып, тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру туралы айтты. Адалдық, адамгершілік, парасаттылық, әділдік сияқты принциптерімен өскен отбасында заңдар сақталады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлықтан бас тартуға тұрақты иммунитет қалыптасады.

<https://www.instagram.com/p/C1BmMJ-N-c8/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



2023 жылдың 8 желтоқсанында Еліміздегі саяси өзгерістер мен соңғы конституциялық реформалардың ережелерін түсіндіре отырып, Қазақстан Президенті институтының негізгі бағыттары, дамуы және маңызды аспектілері бойынша Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттеріне ҚХА және ӘГП оқытушылары тақырыптық дәріс өткізді.

<https://www.instagram.com/p/C03CBJdKivz/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



2023 жылдың 1 желтоқсанында Қарағанды қаласында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы инновациялық шешімдер” атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалардың республикалық конкурсы өтті. Жобаға әртүрлі жастағы 120 қатысушы онлайн өтінім берді және олардың тек 18-і финалға өтті. Бұл жарыс 4 негізгі бағытқа бөлінді, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте маңызды: “Қоғамдық бақылау”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және зерттеу”, “Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа құралдар”. Финалға өткен 18 жобаның ішіндегі 3 жобаны Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттері ұсынды. Магистрант Оразбек Нұрдәулет Ерубайұлы өз жобасын “Қоғамдық бақылау” бағытында “Внедрение в корпоративное обучение антикоррупционного компонента” тақырыбында (жетекшісі - Шорманбаева Д.Г.), қалған 2 жоба “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа құралдар” өз жобаларын таныстырды. 3 курс студенттері Қапар Раушан Сағатбекқызы, Назарбек Жұлдыз Назарбекқызы «Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған мобильді ойын» тақырыбында Жуматова Гульзат Мухаметкаримовнаның жетекшілігімен, сондай-ақ Мархаматова Насима Мархаматовна “Использование потенциала Искусственного Интеллекта в выявлении коррупционных рисков” (жетекшісі -Саткенов А.С.) тақырыбында жоба қорғады.

Барлық қатысушыларға алғыс хаттар, сондай-ақ Қарағанды қаласы бейнеленген картиналары табыс етілді.

Қатысушыларымызды осы маңызды жетістікпен құттықтаймыз! Оларға елімізді жақсы жаққа өзгертуге деген ізгі ұмтылысында одан әрі табыс пен шабыт тілейміз!

<https://www.instagram.com/p/C0mUlygthhJ/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



2023 жылдың 28 қарашасында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Саналы ұрпақ» студенттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы клубының қызметі аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «AntiParaCraft» сыбайлас жемқорлыққа қарсы квест ойыны өтті. Ұйымдастырушылар «Саналы ұрпақ» студенттік клубы және жастар саясаты департаменті болды. Квест білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, білім беру процесінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік бойынша кешенді жұмыс шеңберінде өткізілді. Квест ойынына бақылаушылар ретінде Antikor ағартушылық пулының спикері, облыстық Қоғамдық кеңесінің Заңдылық, адам құқықтары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі Тлеубердинов Аркадий Набиевич және ҚХА және ӘГП кафедрасының оқытушылары қатысты. Ойын нәтижесі бойынша 1 орын «Парасат» командасы (жетекшісі Жуматова Г.М.), 2 орын «Адал азамат» командасы (жетекшісі Сарсенбеков Н.Ж.), 3 орын «Рух» (жетекшісі Абдрахманова А.А.) және «Youngsters» командалары иеленді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараның бұл форматы жастар арасында үлкен қызығушылық тудырды, этика мен парасаттылық мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

<https://www.instagram.com/p/C0OYMOtrMI/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>

<https://www.instagram.com/reel/C0OYmXYN60r/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



2023 жылдың 24 қарашасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» акциясы өтті. Акция «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жұмыс жоспар аясында ұйымдастырылды және де өткізіліп жатқан іс-шаралардың маңыздылығын тағы да дәлелдей түсті. Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мақсатында Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ белсенділері жиналды. Акцияның негізгі мақсаты-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, құқық бұзушылықтың барлық түрлеріне «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісіне тарту, белсенді азаматтық ұстаным таныту. Акция аясында студенттер флешмобқа қатысып, арнай даярланған буклеттер таратты. Қоғамның қатысуынсыз жемқорлықты жою мүмкін емес. Біз бәріміз бірігіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруымыз керек! «Ел болашағы жастардың қолында!»; «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»

<https://www.instagram.com/p/C0OXRLhN65d/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>
<https://www.instagram.com/reel/C0JxeoitFhA/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



2023 жылдың 19 қазанында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттері арасында «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында брейн-ринг ойыны өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қыймыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің өкілдері, университетіміздің оқытушылары мен студенттері қатысты. Бұл ойынға «Саналы ұрпақ» студенттік клубының мүшелерінен құралған «Форсети» командасы қатысып, тартысты ойында 1 орын иеленді. Брейн-ринг ойының жеңімпазы «Форсети» команда мүшелері Амангельдин А., Аманжол Е., Серікбай Ә., Қанағат Е., жетекшісі- ҚХА және ӘГП кафедрасының аға оқытушысы Жуматова Гульзат Мухаметкаримовна.

<https://www.instagram.com/p/CzAxyItBP1/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген «Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында» білім саласына қатысты бір қатар іс-шараларды орындау аясында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде бірінші курс студенттеріне «Адалдық сағаты» өткізілді. Адалдық сағаты аясында студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта, жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» көзқарасты қалыптастыру бойынша «Жемқор шенеуніктің қызы» атты бейнероликті көрсетті. ҚХА және ӘГП кафедрасының оқытушылары студенттермен бейнероликті тарқатып, ой қорытты.

<https://www.instagram.com/p/Cw4lCYntsYv/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



22 мамырда «Саналы ұрпақ - сапалы болашақтың кепілі» тақырыбында «Саналы ұрпақ» клубының төрағасы мен жетекшілерінің қатысуымен «Саналы ұрпақ» клубының қорытынды жиналысы өтті. Жиналысқа клуб мүшелері қатысты, оқу жылының басынан бастап бекітілген жоспар бойынша орындалған жұмыстар талданды және қорытындылар шығарылды. Студенттік клубты ұйымдастырудың басты мақсаты біздің университетте өз елінің жоғары адамгершілік, жауапты, әлеуметтік-құзыретті азаматы мен патриотын қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. Осы мақсат шеңберінде студенттік клубтың рухани-адамгершілік тәрбиеге, студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталған шараларды іске асыру жөніндегі міндеттері толық орындалды. Клуб мүшелері өздеріне жүктелген міндеттер аясында есеп берді. Болашақта

оларды болдырмау мақсатында жұмыс барысында туындаған қателіктер мен олқылықтарға талдау жүргізілді. Клуб төрағасы Марабай А.Қ. бекітілген оқу жылына арналған жоспар шеңберіндегі барлық іс-шараларға тоқталып, олардың толық көлемде орындалғанын атап өтті. Клуб жетекшілері М. А. Сейдинова, Г.М. Жуматова жыл бойы жүйелі, жауапты, адал жұмысы үшін клубтың барлық мүшелеріне алғыстарын білдірді.

<https://www.instagram.com/p/Csn0ExRMKNT/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA=>

=



2023 жылғы 27 сәуірде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жұмыс шеңберінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері: проблемалары мен жетістіктері» тақырыбында құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен кездесу өткізілді. Іс-шараның мақсаты: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатына негізделген, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру, сондай-ақ жастардың мемлекеттік билік органдарына, азаматтық қоғам институттарына деген сенімін нығайту болып табылады. Кездесу қоңақтыры, превенция және парасаттылық басқармасының бас маманы - Сактапберген Аким Ерланович, Орталық Қазақстан Академиясының оқытушысы - Сулейменова Алтынай Ислямовна студенттермен кездесу барысында сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл, заңдылықты сақтау саласындағы жұмысты ұйымдастыруды, сондай-ақ жетілдіру жолдарын талқылады. Кездесу барысында студенттер жоғары белсенділік танытты. Осындай іс-шаралар студенттерге қатты әсер етеді, сондықтан да белсенді талқылау және өз көзқарастарын білдіру барысында студенттер, өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап ала алды.

<https://www.instagram.com/p/CriQbbYseyN/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA==>



Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ студенттер арасында «Саналы ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен 6 наурыз бен 20 наурыз аралығында «Парасаттылық пен ізгілік көшбасшылықтың негізі тақырыбында эссе конкурсы өтті. Конкурстың мақсаты - жас ұрпақты рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, адамгершілік ұстанымы бар және сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін белсенді және жауапты тұлғаны тәрбиелеу. Конкурс талабына сай 21 жұмыс қабылданды.

Жұмыстар арасында жүлделі орынға лайықты 3 жұмыс анықталды. I Дәрежелі дипломмен С-20-4 тобының студенті Стафеева Ангелина марапатталды. Жетекшісі: аға оқытушы Ивлева Е.Н. II Дәрежелі дипломмен НД -20-1 тобының студенті Рахметжанова Жансая марапатталды. Жетекшісі: аға оқытушы Жуматова Г.М. III Дәрежелі дипломмен СИБ-21-7 тобының студенті Мухаметов Михаил марапатталды. Жетекшісі: аға оқытушы Хмельницкая О.М.

https://www.instagram.com/p/Cq5-L-Mrtd_/?igsh=YTI4YzE2YTUwMA==



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ студенттер арасында «Саналы ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен өткен «Студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы!» тақырыбында бейнероликтер түсіру конкурсы 16 қаңтардан 16 ақпан аралығында өтті. Конкурстың мақсаты - белсенді өмірлік ұстанымды тәрбиелеу, студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың практикалық дағдыларын игеруі, студенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік роликтерді әзірлеу. Конкурс талабына сай 15 жұмыс қабылданды. Жұмыстар арасында жүлделі орынға лайықты 3 жұмыс анықталды.

I Дәрежелі дипломмен АиУ-21-1 тобы марапатталды. Жетекшісі: аға оқытушы Байжуманова Н.С.

II Дәрежелі дипломмен ЭЭ-21-2 тобы марапатталды. Жетекшісі: аға оқытушы Құрымбаева С.К.

III Дәрежелі дипломмен ЦАФ-21-4 тобы марапатталды. Жетекшісі: аға оқытушы Шарипова Р.М.

<https://www.instagram.com/p/CpKKPfUMkEw/?igsh=YTI4YzE2YTYwMA>

==



Статистика

Продвигать публикацию